

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ**

---

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и  
строительства  
**МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ  
ЕСЕПТЕУДІҢ АСПАПТАРЫН ТАҢДАУ, МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ  
ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

---

**МЕТОДИЧЕСКИЕ УКАЗАНИЯ ПО ВЫБОРУ, МОНТАЖУ И  
ЭКСПЛУАТАЦИИ ПРИБОРОВ КОММЕРЧЕСКОГО УЧЕТА В  
СИСТЕМАХ ТЕПЛОСНАБЖЕНИЯ**

Ресми басылым  
Издания официальное

**Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства**

**Астана 2024**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «САПА СТРОЙ АСПЕКТ» ЖШС
- 2. ҰСЫНҒАН:** Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** 2024 жылғы «30» желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің № 172-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** Қайта өңделген

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** ТОО «САПА СТРОЙ АСПЕКТ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от «30» декабря 2024 года № 172- НК
- 4. ВЗАМЕН** Переработанное

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

## МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	3
5 Жылу тұтынуды коммерциялық есепке алу	5
6 Жылуды есепке алу аспаптарының жұмыс қағидаттары	7
7 Аспапты таңдау және жылуды есепке алу торабын орнату орны	11
8 Жылуды есепке алу торабын монтаждау	16
9 Жылуды есепке алу торабын пайдалану	18
10 Қауіпсіздік шаралары	19
11 Жылу энергиясын есепке алу тораптарына қойылатын метрологиялық талаптар	20
А қосымшасы (ақпараттық) <i>Шартты графикалық белгіленулер</i>	21
Б қосымшасы (ақпараттық) <i>Жылу есептегіштерінің өлшеу жүйелерінің типтік схемалары</i>	22
В қосымшасы (ақпараттық) <i>Сұйықтықтың көлемдік шығынының электр-магниттік түрлендіргіштерін орнату</i>	27
Г қосымшасы (ақпараттық) <i>Кедергі термиялық түрлендіргіштерін орнату</i>	29
Д қосымшасы (ақпараттық) <i>Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспабын монтаждау актісінің нысаны</i>	31
Е қосымшасы (ақпараттық) <i>Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспабын пайдалануға жіберу актісінің нысаны</i>	32
Ж қосымшасы (ақпараттық) <i>Жылу энергиясы мен жылу тасымалдағышты есепке алу торабының рұқсатын қайтарып алу нысаны</i>	33
К қосымшасы (ақпараттық) <i>Энергия мен жылу тасымалдағышты есепке алу торабының рұқсатын қайтарып алу нысаны</i>	34
Л қосымшасы (ақпараттық) <i>Жылуды есепке алу аспаптарын орнату схемаларының мысалдары</i>	35
Библиография	38

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ  
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ  
ЕСЕПТЕУДІҢ АСПАПТАРЫН ТАҢДАУ, МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ  
ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ УКАЗАНИЯ ПО ВЫБОРУ, МОНТАЖУ И ЭКСПЛУАТАЦИИ  
ПРИБОРОВ КОММЕРЧЕСКОГО УЧЕТА В СИСТЕМАХ ТЕПЛОСНАБЖЕНИЯ**

---

Енгізілген күні – 2024-12-30

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы Жылумен жабдықтау жүйелеріндегі коммерциялық жылу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) әртүрлі мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлардағы энергия үнемдеуді ескере отырып, жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылуды коммерциялық есепке алу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану кезінде қолданылады.

1.2 Әдістемелік нұсқаулар жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылуды коммерциялық есепке алу аспаптарының жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген. Әдістемелік нұсқаулар жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілердің, жобалау және мердігерлік ұйымдардың мамандарына, кондоминиум объектілерін басқару нысандарына, басқарушы және сервистік компанияларға және жылумен жабдықтау жүйелерінде жылуды коммерциялық есепке алу аспаптарын монтаждауға және пайдалануға қатысатын басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

1.3 Әдістемелік нұсқаулар қолданыстағы Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын ескере отырып, қолданыстағы, жаңадан салынатын және қайта конструкцияланатын жылумен жабдықтау объектілері үшін жылу энергиясын аспаптық есепке алудың негізгі талаптарын айқындайды.

1.4 Осы Әдістемелік нұсқаулардың қолданылу саласы жылу энергиясы мен қуатын өндіруге, беруге (тасымалдауға), таратуға және тұтынуға қатысы бар, ведомстволық тиесілілігіне және меншік нысанына қарамастан барлық жылумен жабдықтау субъектілеріне қолданылады.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Әдістемелік нұсқауларды қолдану үшін мынадай сілтемелер пайдаланылады:  
«Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 929 бұйрығы.

«Электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 122 бұйрығы.

«Жылу энергиясын жіберуді және жеткізгішін есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 207 бұйрығы.

«Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 246 бұйрығы.

«Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығы.

«Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығы.

ҚР СТ 2.41-2014 Салыстырып тексеруге жататын өлшем құралдарының қолданылу салалары.

ҚР СТ 2.105-2006 Жылумен жабдықтаудың су жүйелеріне арналған жылу есептегіштер. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 2.112-2006 Жылумен жабдықтаудың су жүйелеріне арналған екі арналы жылуесептегіштер. Абоненттер тұтынатын жылу энергиясын өлшеу кезінде жол берілетін қателік шегін нормалау.

ҚР СТ 2.588-2018 Кедергі термометрлері. Салыстырып тексеру әдістемесі.

ҚР СТ ГОСТ Р ЕН 1434-6-2010 Жылуесептегіштер. 6-бөлім. Орнату, пайдалануға беру, бақылау, техникалық қызмет көрсету.

ГОСТ 14254-2015 (IEC 60529:2013) Қабықтармен қамтамасыз етілген қорғаныс дәрежелері (IP коды).

ГОСТ 33259-2015 PN 250 дейінгі номиналды қысымға арматураның, жалғағыш бөлшектер мен құбырлардың ернемектері. Конструкция, өлшемдер және жалпы техникалық талаптар.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативтерді пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылғы жағдай бойынша құрылатын және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған журналдарға және стандарттардың ақпараттық көрсеткіштеріне сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі», «ҚР ұлттық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша сілтемелік құжаттардың қолданысын тексеру орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Әдістемелік нұсқауларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**3.1 Өлшеу және есепке алу аспабы:** Өлшеуге және есепке алуға арналған және нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құрал [5].

**3.2 Есепке алу аспаптары:** Бір немесе бірнеше функцияларды орындайтын аспаптар: жылу энергиясының мөлшері, салмағы (көлемі), температурасы, қуаты, жылу жеткізгіштің қысымы және аспаптардың жұмыс уақыты туралы ақпаратты өлшеу, жинақтау, сақтау, көрсету [5].

**3.3 Өлшем құралдарын салыстырып тексеру:** Өлшем құралының белгіленген метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында метрологиялық қызмет органдары (оған басқа уәкілетті органдар, ұйымдар) орындайтын операциялар

жиынтығы. Салыстырып тексерудің оң нәтижелері салыстырып тексеру таңбасымен немесе салыстырып тексеру туралы куәлікпен куәландырылады [5].

**3.4 Энергия үнемдеу:** Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды және үнемді пайдалануға бағытталған қызмет (ұйымдастырушылық, ғылыми, практикалық, ақпараттық) [5].

**3.5 Жылу есептегіш:** Жылу мөлшерін анықтауға және жылу жеткізгіштің салмағы мен параметрлерін өлшеуге арналған аспап немесе аспаптар жиынтығы (өлшем құралдары) [5].

**3.14 Жылу энергиясын жеткізу:** Жылу энергиясын жылу энергиясы көздерінен тұтынушылардың жылу тұтыну қондырғыларына дейін жылу тасымалдаушы субъектінің жылу желілері арқылы тасымалдау [5].

**3.7 Жылу энергиясын жеткізуші:** Жылу энергиясын сатып алу-сату және/немесе оны сатып алушыға немесе тұтынушыға жеткізу құқығы бар жылу энергиясы нарығының субъектісі (мысалы, энергиямен жабдықтаушы ұйым) [5].

**3.8 Жылу энергиясының жоғалуы:** Технологиялық және әлеуметтік себептерге байланысты оны өндіру, беру, бөлу, өткізу және тұтыну процесінде жылу энергиясының шығыны [5].

**3.9 Жылу жеткізгіш:** Жылуды жылу-күштік қондырғысына жылытылған денеден аз жылытылғанға беру үшін пайдаланылатын қозғалмалы орта [5].

**3.10 Жылумен жабдықтаудың жабық су жүйесі:** Жылу желісінде айналатын су желіден іріктелмейтін жылумен жабдықтау жүйесі. Ыстық су жүйесі жылу желісіне жылуалмастырғыш арқылы қосылады [5].

**3.11 Жылумен жабдықтаудың ашық су жүйесі:** Жылуды тұтынушылар жүйеден суды ішінара немесе толығымен іріктелетін жылумен жабдықтау жүйесі. Ыстық сумен жабдықтау жүйесі жылу желісіне араластырғыш арқылы қосылады [5].

## 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Әдістемелік нұсқауларда жылумен жабдықтау жүйесінің жұмыс істеп тұрған, жаңадан салынатын және қайта конструкцияланатын объектілері үшін жылу энергиясын аспаптық есепке алудың негізгі талаптары мен схемалары берілген.

4.2. Технологиялық және коммерциялық айналымы процесінде тұтынылған жылу энергиясы мен жылу тасымалдағыштың мөлшері есепке алу аспаптары бойынша айқындалады.

Жылу энергиясын аспаптық есепке алу жүйесі мыналарды білдіреді:

– жылу энергиясы мен қуаттың айналымын талап етілетін есепке алу нүктелерінде тиісті аспаптарды орналастыру және орнату тәртібі;

- белгіленген аспаптардан өндірілген, түрлендірілген, берілген, өзгертілген, таратылған және тұтынылған жылу энергиясы мен қуатының мөлшері мен сапасы туралы өлшеу көрсеткіштерін алу процесі.

4.3 Жылумен жабдықтау жүйелерінде жылу энергиясы мен жылутасымалдағышты есепке алуды ұйымдастыру жылу тасымалдаушы субъектінің жылу көздерінде және тұтынушылардың ғимараттары мен құрылысжайларының жылу пункттерінде жүргізіледі.

4.4 Жылумен жабдықтау жүйесіне жіберілген жылу өндіруші ұйымның жылу энергиясын және жылутасымалдағышты есепке алу тәртібі Жылу энергиясын жіберуді және жылу жеткізгішін есепке алу қағидаларымен регламенттеледі.

Жылу энергиясын есепке алу тораптары жылу тасымалдаушы субъектінің жылу желілерінің бас ысырмаларына барынша жақын орындарда құбырлардың теңгерімдік тиесілігін бөлу шекарасында орнатылады.

Есепке алу торабын құбырлардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасына дейін орнатуға жол беріледі. Жіберілген жылу энергиясын және жылутасымалдағыштың салмағын (көлемін) айқындау кезінде есепке алу торабы орнатылған орын мен тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасы арасындағы учаскедегі жылу тасымалдағыштың жылу шығындары мен кемуі ескеріледі.

Жылу тасымалдаушы (жылу өндіруші) субъект есептік жолмен жылу энергиясының шығынын айқындайды, жылу шығынына сынақ тұтынушының немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

Жылу жүктемелері жүйелерінің жекелеген түрлері сыртқы жылу желілеріне дербес құбырлармен қосылған жылу тұтыну жүйелері үшін жылу энергиясын, жылу тасымалдағыштың салмағы (көлемі) мен параметрлерін есепке алу әрбір дербес қосылған жүктеме үшін бөлек орындалады.

Жылу энергиясын және жылутасымалдағышты есепке алу тараптарын жабдықтау және пайдалану кезінде, осы Әдістемелік нұсқаулар, қолданыстағы нормативтік және техникалық құжаттама, дайындаушы зауыттардан жылу энергиясын және жылу тасымалдағышты есепке алу және бақылау аспаптарына арналған нұсқаулықтар мен паспорттар басшылыққа алынады.

4.5 Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптары бастапқы немесе мерзімді тексеру туралы құжаттар негізінде өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілуге тиіс.

Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын күтіп-ұстау, оларға техникалық қызмет көрсету және салыстырып тексеру олардың теңгерімдік тиесілілігіне сәйкес орындалады.

Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеру Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің мерзімділігін белгілеу және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификатының нысанын бекіту қағидаларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеруді «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттелген мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеру салыстырып тексеру әдістемелерінде көрсетілген мерзімдерде, сондай-ақ олардың көрсетілімдерінің дұрыстығына күмәнданған жағдайда, мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша аспапқа салыстырып тексеру аралық интервалға сәйкес жүргізіледі.

Аспаптың дәлдік сыныбы үшін қателік шегі асып кеткен жағдайда, мұндай аспаптар коммерциялық есепке алуға жіберілмейді.

Есепке алу аспаптарының ақаулығы анықталған кезде, тұтынушы жылу тасымалдаушы субъектіге хабарлайды.

4.6 Жылу энергиясын және жылутасымалдағышты есепке алу торабы жылу энергиясын тұтынушылар мен жылу тасымалдаушы ұйымдар арасындағы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жылутасымалдағыштың саны мен сапасын коммерциялық анықтауға арналған.

4.7 Жылу энергиясын аспаптық есепке алу есептеудің ақпараттық-есептеу жүйесімен, бағдарламалық қамтамасыз етумен, жылуесептегіштермен және шығынды, температура мен қысымды тіркеуші өлшеу аспаптарымен жарақтандырылады.

4.8 Жылумен жабдықтау жүйелерінде өндірістік мақсаттағы жылуды коммерциялық есепке алу аспаптарын монтаждауды тиісті лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар жүргізеді.

4.9 Жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілер мыналарды қамтамасыз етеді:

– тұтынушылардың шарттық міндеттемелерді сақтауын үнемі бақылау және жылумен жабдықтау жұмысының әртүрлі режимдері кезінде лимиттер шамаларын, тұтынылатын қуат пен жылу энергиясын бақылау.

– энергия жүйелерінің субъектілері мен объектілері, жылу энергиясы нарығы және тұтынушылар бойынша жылу энергиясы мен қуаты теңгерімінің барлық құрамдас бөліктерін жедел анықтау және болжау, теңгерімсіздікті анықтау және барлық энергия объектілеріндегі технологиялық коммерциялық шығындарды азайту.

- жылу энергетикасы объектілерінде отынның меншікті шығыстарын анықтау, болжау және азайту.

4.10 Есепке алу аспаптарының қолданылу саласы ҚР СТ 2.41 айқындалады. Коммерциялық есепке алу үшін қолданылатын өлшем құралдары мемлекеттік өлшем құралдары тізіліміне енгізілуге, қолданыстағы салыстырып тексеру туралы куәліктері болуға және техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес қолданылуға тиіс.


## 5 ЖЫЛУ ТҰТЫНУДЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ

5.1 Орталықтандырылған жылумен жабдықтау желілеріне қосылатын тұрғын үйлер мен ғимараттар Жылу энергиясын жіберуді және жылу жеткізгішті есепке алу қағидаларына және [1] сәйкес тұтынылатын жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарымен жабдыкталады.

5.2 Жылу тұтынуды коммерциялық есепке алу жылу желісіне қосылған барлық ғимараттар үшін міндетті. Жылу тұтынуды коммерциялық есепке алу тұтынушының жұмсаған жылу энергиясының мөлшері мен құнын анықтау үшін жүзеге асырылады.

Жылу энергиясының құны ағымдағы уақыт кезеңіне тұтынылатын энергия мөлшерін белгілейтін есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша есептеледі. Есептеулер беру құбыры мен кері құбыр арқылы өтетін жылутасымалдағыштың нақты көлемі негізінде жүргізіледі.

5.3 Жылуесептегіштер ретінде мынадай түрлері қолданылады: бірыңғай, аралас немесе құрама жылуесептегіштер. Бірыңғай жылуесептегіш жеке құрамдас элементтері жоқ жылуесептегіш болып табылады. Жылуесептегіштердің құрамдас элементтері шығыс бергіші, температура бергіштері, жылусанауыштар болып табылады.



ШТ, ТТ, КТ - шығын, температура, қысым түрлендіргіштері;  
ОБ - оқиға бергіші (қатысу, түтіндеу және басқа);  
Dir - амбебап кіріс.

1-сурет – Жылу есептегіштің құрылымдық схемасы

Жылуесептегіш (ЖЕ) мынадай үш негізгі функционалды дербес бөлшектен тұрады: жылу санауыш (ЖС), бергіштер (жылу тасымалдағыштың шығыны, температурасы мен қысымы) және деректерді беру құрылғысы (ДБК).

Жылу санауыш (ЖС) деген бергіштерден шығатын сигналдарды (қолданылатын бергіштің түріне байланысты – аналогтық, импульстік немесе цифрлық) өңдеуге, оларды цифрлық түрге түрлендіруге, жылу энергиясының мөлшерін есептеуге арналған электрондық құрылғыны білдіреді. Жылумен жабдықтау субъектілері қабылданған жылумен жабдықтау, аспап жадындағы жылу тұтынудың осы параметрлерін индикациялау және сақтау (мұрағаттау) схемасына сәйкес жұмыс істейді.

Шығыс, температура және қысым бергіштері – жылумен жабдықтау жүйелері жұмысының тиімділігіне әсер ететін ЖЕ-нің ең маңызды элементі. Дәл осы шығыс бергіші ЖЕ сапасын анықтайды.

Деректерді беру құрылғылары (ДБК) – бекітілген және мұрағатталған ЖЕ жылу тұтыну параметрлерін автоматтандырылған оқуға үшін ЖЕ интерфейстік қосқышына қосылған бағдарламалық қамтылымға қашықтан қол жеткізуді ұйымдастыруға арналған.


5.4 Шығын бергіші ретінде Өлшем құралы типінің сипаттамасына сәйкес шығын өлшегіштер, шығын өлшегіш-есептегіштер немесе ЖС-мен бірге жұмыс істей алатын есептегіштер болып табылатын шығын түрлендіргіштері (ШТ) қолданылады.

Шығын бергішіне бірегейдендірілген шығыс сигналы (импульстік, ток) қалыптастырылады, содан кейін әртүрлі ЖС-мен өңделеді.

Шығын түрлендіргіші бастапқы және қайталама шығын түрлендіргіштерінен (БШТ және ҚШТ) тұрады.

ҚШТ деген БШТ-пен құрылымдық түрде біріктірілген немесе бөлек орындалған электронды блокты білдіреді. Кейде ҚШТ деген ЖС-ның функционалды бөлігі болып табылады, бұл жағдайда ҚШТ және ЖС бір корпусқа немесе бір платаға орнатылады.

5.5 Коммерциялық есеп торабын қолданыстағы нормативтік құжаттамаға сәйкес схемалар бойынша жүзеге асырылға болады (2-сурет).



*а – 0,1 Гкал/сағ дейін; б – 0,1 Гкал/сағ артық;*

*1 – жылу есептеуіш; 2 – температура бергіші; 3 - шығысөлшегіш; 4 – қысым*

**2-сурет – Тұтынылатын жылу қуаты бар тұтынушылардың жылу тұтынуын коммерциялық есепке алу тораптары:**

Жабық жылу тұтыну жүйелерінде, есептік жылу жүктемесі сағатына 0,1 Гкал аспайтын жылу пункттері үшін (2-сурет 1, а) жылу тасымалдаушы субъектімен келісім бойынша құбырлардың біреуі (беру немесе бұру құбыры) арқылы желі суының шығынын өлшеуге жол беріледі.

5.6 Жылу жүйесінің оқшауланған тармақтары, оның ішінде көп қабатты үйдің пәтерлері қызмет көрсететін ғимараттағы әртүрлі тұтынушылар арасында жылу тұтынуды бөлу жылу шығынын коммерциялық емес есепке алу аспаптары бойынша жүзеге асырылуға тиіс. Дербес жүйелердегі (тармақтардағы) жылу ағынын сандық реттеу кезінде коммерциялық емес есепке алу ретінде ыстық су бойынша суөлшегішті пайдалануға жол беріледі.

5.7 Ыстық сумен жабдықтау жүйесінің жылуалмастырғышын жылу пунктіне орналастырған кезде, ыстық сумен жабдықтау жүйесінің жылу тұтыну үлесін анықтау суөлшегіштің көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады.

Ескертпе – Осы анықтау тәсілі «бос айналым» кезінде, мысалы, түнде ыстық суды нөлдік талдау кезінде жылу энергиясының шығынын ескермейді.

5.8 Жылу тұтынуды коммерциялық есепке алу торабының схемасын таңдау үшін есептік жылу жүктемесі мынадай реттеу түрі мен әдісін ескере отырып анықталады: жылыту жүктемесі бойынша немесе жылытулы және ыстық сумен жабдықтауды қамтитын бірлескен жүктеме бойынша.

5.9 Ыстық сумен жабдықтауға және жылытуға ең жоғары жылу ағындарының арақатынасы біреуден артық болған кезде, бак-аккумуляторлары болмаған кезде және жылу ағыны 10 МВт және одан аз кезде ыстық сумен жабдықтауға жылу ағыны максималды түрде қабылданады.

5.10 Жабық жылумен жабдықтау жүйелерінде жылу тұтынуды есепке алу беру құбырындағы шығын және беру құбыры мен кері құбырдағы жылутасымалдағыш температурасының айырмасы бойынша жүзеге асырылады.

Бақылау суөлшегішін кері құбырда қолдану есебінен осындай жүйелердегі жылуесептегіш жылу тұтынуды, тұтынушы таңдаған жылутасымалдағыштың көлемін (кемуін) есепке алады.

5.11 Ашық жүйелерде жылуесептегіштер тұтынушы іріктеген жылутасымалдағыштың көлемін және әртүрлі схемаларда есепке алуды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жылу энергиясының көлемін анықтайды.

## **6 ЖЫЛУДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ АСПАПТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ҚАҒИДАТТАРЫ**

6.1 Жылуды есепке алу үшін ҚР СТ 2.105 бойынша жылумен жабдықтаудың су жүйелері үшін бір арналы ЖЕ, сондай-ақ ҚР СТ 2.112 бойынша екі арналы ЖЕ қолданылады.

6.2 Заманауи ЖЕ-де өз құрамында қосымша деп атауға болатын осы және кейбір басқа функцияларды орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғылар болады (санкцияланбаған кіруден қорғау, өзін-өзі диагностикалау, өлшеу нәтижесін әртүрлі формада ұсыну, параметрдің шекті мәндерінен асып кету туралы сигнал беру) [15].

Ақпаратты қалыптастыру, сақтау және тіркеу үшін жад құрылғылары, тіркеуіштер, таймерлер пайдаланылады.

ЖЕ негізгі функциясы есепке алу уақытында құбыр арқылы өткен энергия жеткізгіштің (су, бу) шығысын (көлемін) өлшеу және осы мөлшерді цифрлық нысанда тіркеу болып табылады.

6.3 Жылу жеткізгішпен берілетін жылу энергиясын анықтау жылу бергенге дейін және одан кейін түскен жылу жеткізгіштің көлемін, оның температурасы мен қысымын жанама өлшеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жылу тасымалдағыштың шығысын және оның параметрлерін өлшеу нәтижелерін өңдеу үшін ЖЕ құрамында есептеу құрылғысы бар, оны бірқатар қосымша функцияларды орындау үшін де пайдалануы мүмкін.

6.4 Шығарылатын су және бу ЖЕ, ЖС өлшеу әдісі, метрологиялық сипаттамалары, құрылымдық-функционалдық ерекшеліктері, монтаждау, пайдалану шарттары және құны бойынша ерекшеленеді.

Бұл жағдайда жылу мен жылутасымалдағышты есепке алу үшін аспаптық құралдарды таңдау біріншіден, жылутасымалдағыштың шығысын (мөлшерін) өлшеу әдісін дұрыс таңдаудан, екіншіден, өз шарттарыңыз бен мүмкіндіктеріңізге сәйкес келетін аспап типін таңдаудан тұратын міндет болып табылады.

6.5 Өлшеу нәтижелерін өлшеумен және өңдеумен қатар есепке алу аспаптары жылутасымалдағыш пен жылу энергиясының тұтынылған мөлшері туралы, сондай-ақ жылумен жабдықтау режимдері туралы ақпаратты сақтау және тіркеу бойынша қосымша функцияларды орындауға тиіс. Бірқатар заманауи жылу есептегіштері ақпаратты өлшеу, өңдеу, сақтау және тіркеу бойынша барлық функциялардың орындалуын қамтамасыз ете алады.

6.6 Жылу энергиясы шығынын өлшеудің бірнеше негізгі әдістері бар:


- 1) қысымның айнымалы ауысу әдісі (дифманометриялық)
- 2) тахометриялық
- 3) құйынды
- 4) ультрадыбыстық
- 5) электр-магниттік.

6.7 ЖЕ жұмыс қағидаты – беру құбыры мен кері құбыр арқылы өтетін және жылутасымалдағыш болып табылатын су көлемін есептеу. Беру құбыры мен кері құбырдың жылутасымалдағышының температуралар айырмасы да өлшенеді. Сигналдар есептеу блогына түседі. Ол деректерді есептейді және жинақтайды.

Қысымның айнымалы ауысу әдісі бу мен суды өлшеу үшін қолданылады. Мұндай типтегі аспаптарға жылутасымалдағышта градуирлеудің қажеті жоқ.

Жылу энергиясын есепке алу аспабының индикаторлары мыналарды көрсетеді:

- пайдаланылған жылу көлемі (Гкал/сағ) және беру және қайтару бойынша өтетін жылутасымалдағыштың шығыны (м<sup>3</sup>/сағ, тн/сағ);
- беру және қайтару кезінде судың жиынтық көлемі/массасы(м<sup>3</sup>/тн);
- келетін жылутасымалдағыштың температурасы және кері құбырдағы судың температурасы (°С);
- жылутасымалдағыштың кірістегі және шығыстағы температураларының айырмашылығы (°С);
- күні мен уақыты.




3-сурет – Тахометриялық есептегішті монтаждау схемасы

- 1 – есептегіш; 2 – ысырма; 3 – магнитті сүзгі; 4 - келтеқұбыр; 5 – келтеқұбыр; 6 – төсем; 7 – ГОСТ 33259 бойынша ернемек.

6.8 Тахеометриялық ЖЕ-де осы типтегі аспаптарда сезімтал элемент ретінде бақыланатын су ағынымен айналатын дөңгелек (немесе турбина) пайдаланылады. Қанаттының әр айналымы судың белгілі бір мөлшеріне сәйкес келеді. Осылайша айналымдар саны жылутасымалдағыштың санына пропорционал болады.

Аспаптың ерекшеліктері – бастапқы түрлендіргішке қуат қажет емес, жұмыс, техникалық қызмет көрсету, жөндеу кезінде арзан және қарапайым болады.

Кемшіліктері - құбырдың қуысына конструкцияның сынуы мүмкін, лезде ағынды өлшеуді қамтамасыз етпейтін айналымы элементі орналастырылған, су температурасының жоғарғы шегі бойынша шектеулер бар, судағы қатты және тұтқыр қоспаларға сыни, сенімді жұмыс істеу үшін аспаптың кіреберісіне сүзгі қажет (3-сурет).



**4-сурет - Құйынды жылу есептегішті орнату схемасы**

1 - су есептегіш; 2 - ГОСТ 33259 бойынша ернемек; 3 - келтекұбыр; 4 - келтекұбыр.


6.9 Құйынды ЖЕО (4-сурет) мына қағидат бойынша жұмыс істейді – қатты денені сұйықтық орап аққан кезде оның артынан құйынды із пайда болады, құйынның пайда болу жиілігі ағынның жылдамдығына пропорционал болады.

Құйынды іздегі пульсация жиілігін өлшеу ағынның жылдамдығына және белгілі бір жағдайларда - оның шығысына пропорционалды сигнал алуға мүмкіндік береді.

Көрсетілген ЖЕ бу мен суды өлшеу үшін қолданыла алады, ағынның жылдамдығын өлшеудің кең ауқымында өлшеуді қамтамасыз етеді, арнаның көлденең қимасын ішінара «көлеңкелейтін» ағын денесін құбыр қуысына орналастыру қажет, құбырдың ұзартылған түзу учаскелері ( $L1 = 10Dy$  аспапқа дейін және  $L3 = 5Dy$  ағын денесін орнату орнынан кейін), өлшенетін орта параметрлеріне көрсеткіштердің (қысым, температура) тәуелсіздігі қажет.

6.10 Ағынды өлшеудің ультрадыбыстық әдісі импульстік, доплерлік, корреляциялық болып бөлінеді. Барлық жағдайларда бақыланатын ағын ультрадыбыспен енеді, ал оның жылдамдығы ультрадыбыстың сәулелегіштен қабылдағышқа дейінгі жолымен немесе ағынның «дыбысталған учаскесі» белгілі бір қашықтықтан өтетін уақытымен анықталады.


Өлшеу әдісінің ерекшеліктері – ағындағы конструкциялардың элементтерін қамтымайды, ағынның жылдамдығын өлшеудің кең диапазонында (1:50-ге дейін) өлшеуді қамтамасыз етеді, құбырдың ішкі бетінде қақ қабаттарының пайда болуына сыни, құбырдың ұзартылған түзу учаскелерін қажет етеді ( $L1 = 5Dy$  және одан жоғары аспапқа дейін және  $L3 = 1Dy$  кейін), 5-сурет.



5-сурет. Ультрадыбыстық жылу есептегішті монтаждау схемасы

1 – ультрадыбыстық есептегіш; 2 - ернемек; 3, 4 - келтеқұбыр.

6.11 Электр-магниттік ЖЕ, монтаждау схемасы 6-суретте көрсетілген. ЖЕ жұмыс істеу қағидаты қозғалатын жылутасымалдағыштың үздіксіз ағыны арқылы электр өрісіндегі потенциалдар айырмашылығын өлшеуге негізделген. ЖЕ осы түрі өлшеудің жоғары дәлдігімен ерекшеленеді, ағында конструкция элементтері болмайды, ағынның профилін бұрмаламайды, тұрып қалған аймақтары мен жергілікті кедергілерді тудырмайды, ағынның жылдамдығын өлшеудің кең диапазонында (1:100-ге дейін) өлшеуді қамтамасыз етеді, құбырдың ішкі бетін «майлау» үшін маңызды, құбырдың ұзын түзу учаскелерін қажет етеді ( $L1 = 3Dy$  және одан көп аспапқа дейін және  $L3 = 1Dy$  кейін).



6-сурет– Электр-магниттік жылу есептегішті монтаждау схемасы

1 – ультрадыбыстық есептегіш; 2 - ернемек; 3, 4 - келтеқұбыр.

1-кестеде қабылданған әдіске байланысты есепке алу аспаптарының көрсеткіштері келтірілген

1-кесте – Қабылданған өлшеу әдісіне байланысты жылуды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері

Өлшеу әдісі	Өлшеу диапазоны, м3/сағ	Диаметрлердің диапазоны, мм	Қателік
Механикалық	0,03 - 1200	15 - 250	4 - 6
Ультрадыбыстық	0,01 - 6000	15 - 1200	4 - 6
Құйынды	0,5 - 1500	32 - 200	1,5
Электр-магниттік	0,05	10 - 200	2

## **7 АСПАПТЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ЖЫЛУТАСЫМАЛДАҒЫШТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТОРАБЫН ЖОБАЛАУ**

7.1 Жобалау компаниясы жылу энергиясын есепке алу аспабын монтаждау жобасын дайындап, оны Жылу энергиясын пайдалану қағидаларының 17-тармағына сәйкес жылу тасымалдаушы субъектіге келісуге ұсынуға тиіс.

7.2 Жылу энергиясы мен жылу тасымалдағышты есепке алуды ұйымдастыру кезеңдері:

1. Есепке алу торабын жобалауға техникалық шарттар алу.

2. Есепке алу торабын жобалау.

3. Есепке алу торабын монтаждау, қажет болған кезде – осы Әдістемелік нұсқаулардың Е қосымшасына сәйкес жылу тасымалдаушы (жылу өндіруші) субъектінің өкілінің монтаждау актісін ресімдеуі.

4. Осы Әдістемелік нұсқаулардың Д қосымшасына сәйкес есепке алу аспабын пломбалау және коммерциялық есепке жіберу актісін ресімдеу.

7.3 Есепке алу аспабын монтаждау жобасы мыналардың негізінде әзірленеді:

а) Жылу тасымалдаушы (жылу өндіруші) субъект берген техникалық шарттар.

б) Осы Әдістемелік нұсқаулардың, Қолданыстағы НҚА және есепке алу аспаптарының техникалық құжаттамасының талаптарын ескере отырып.

в) Жобаланатын есепке алу аспабының құрамына кіретін қолданылатын өлшем құралдарына метрологиялық сипаттамалар мен техникалық құжаттама.

7.4 Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жылу тасымалдаушы (жылу өндіруші) субъектінің серверіне автоматты режимде көрсеткіштерді беру құрылғыларымен жобаланып, орнатылады.

7.5 Техникалық шарттарда мыналар болады:

1. Жылу тұтыну объектісінің атауы және орналасқан жері.

2. Ккал/сағ-пен әрбір түрі бойынша жылу жүктемелері туралы ақпарат.

3. Белгіленген тәртіппен бекітілген жылу жіберудің температуралық кестесі.

4. Есепке алу аспабының көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның серверіне беруді автоматтандыруды ұйымдастыру тәсілі.

5. Есепке алу аспабының құрамында жобаланатын өлшем құралдарын таңдау жөніндегі ұсынымдар (жылу тасымалдаушы (жылу өндіруші) субъект тұтынушыға өлшем құралдарының нақты түрлерін таңуға құқылы емес, бірақ есепке алу аспабынан ақпаратты қашықтықтан жинауды ұйымдастыру мүмкіндігі мен біріздендіру мақсатында жылумен жабдықтау субъектілері ұсынымдар беруге құқылы).

7.6 Жылу тасымалдаушы (жылу өндіруші) субъект сұрау салуды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде есепке алу аспабын орнатуға техникалық шарттар беруге міндетті.

7.7 Есепке алу аспабын монтаждау жобасы есепке алу аспабын бастапқы монтаждау немесе есепке алу аспабының құрамына өзгерістер енгізу алдында ресімделеді және келісіледі (бұрын орнатылған есепке алу аспабының құрамындағы бір немесе одан да көп өлшем құралдарын ауыстыру). Есепке алу аспабын монтаждау жобасы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйыммен келісіледі, жобаны қарау мерзімі - 5 жұмыс күні.

7.8 Жылу энергиясын есепке алу аспабы мен жылу тасымалдағышты монтаждау жобасы мыналарды қамтиды:

1. Теңгерімдік тиесілігін ажырату актілерін және жұмыс істеп тұрған объектілер үшін есептік жүктемелер туралы мәліметтерді қоса бере отырып, жылу тасымалдаушы (жылу өндіруші) субъектімен жасалған шарттың көшірмесі. Қайтадан пайдалануға берілетін объектілер үшін жылу желілеріне қосылуға арналған жобалық жүктемелер мен техникалық шарттар туралы мәліметтер қоса беріледі.

2. Есепке алу аспабы бар жылу пунктіннің қағидаттылық схемасы.

3. Өлшем құралдарын орнату орындары, есепке алу аспаптарын орналастыру және кабельдік өткізгіштер схемасы көрсетілген жылу пунктiнiң схемасы.
4. Өлшем құралдарын қосудың электрлік және монтаждық схемалары.
5. Жылу есептегiшiне енгiзiлген теңшелетiн деректер базасы.
6. Жылу энергиясын, жылу тасымалдағышты есепке алу формулалары.
7. Жылу тұтыну қондырғылары бойынша жылу тасымалдағыштың жылыту және жылуаралық кезеңдердегi шығыны (тонна/тәулік).
8. Бастапқы шығынөлшегiштердi, температура бергiштерiн (қысым бергiштерiн) орнатудың монтаждау схемалары.
9. Қолданылатын жабдықтар мен материалдардың техникалық ерекшелiгi.
10. Жобаланатын есепке алу аспабының құрамынан әрбiр өлшем құралы бойынша өлшем құралын тану туралы тiзiлiмдегi ақпарат.
11. Бастапқы шығынөлшегiштiң диаметрi есептелген жылу жүктемелерiне сәйкес жылу тасымалдағыштың минималды және максималды шығындары шығынөлшегiштердiң нормаланған диапазонынан асып кетпейтiндей етiп таңдалады.

7.9 Орталықтандырылған жылумен жабдықтау желiлерiне қосылатын ғимараттар мен құрылысжайлар жылу пункттерiнде (ЖП) орнатылатын тұтынылатын жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарымен жабдықталуға тиiс.

Жылу тасымалдаушы ұйыммен келiсiм бойынша жылуды коммерциялық есепке алудың бiрнеше тораптарын орнатуға жол берiледi.


7.10 Жылуды есепке алудың коммерциялық торабы жылу тұтынушыларының жылу желiлерiне қосылу схемаларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтiк құжаттамасына сәйкес әзiрленедi.

7.11 Стандартты жағдайларда жылу тасымалдағыштың көлемi қалыпты жағдайда көлемнен үлкен. Әртүрлi өндiрушiлердiң аспаптар каталогтарында жылу тасымалдағыштың параметрлерiн (қысым мен температураны) ескере отырып, әртүрлi диаметрлер үшiн жылу тасымалдағыштың шығын диапазонының мәндерi келтiрiлген, бұл ретте есепке алу аспаптарын орнату шарттарын ескеру қажет.

Жылу энергиясының мөлшерiн және жылу тасымалдағыштың салмағын (көлемiн), сондай-ақ оның жылу желiлерiнiң тiркелетiн параметрлерiн өлшеу нүктелерiнiң орналасу схемалары Жылу энергиясын жiберу және жылу жеткiзгiштi есепке алу қағидаларының 1-7-қосымшалары бойынша қабылдануы керек.


7.12 Конструктивтi және функционалды орындау және түрлендiргiштердiң метрологиялық сыныбы жобалау алдында нақтыланады. Қоршаған ортаның әсерiнен қорғалуы бойынша түрлендiргiштер, әдетте, ГОСТ 14254 бойынша IP55 немесе IP65 дәрежесiнде болады.

7.13 БШТ конструкциясы (мысалы, акустикалық ЭАТ) өндiрiстен шығарылғаннан кейiн метрологиялық сипаттамаларды санкцияланбаған өзгертуден қорғауды және пайдалану процесiнде оның жұмысына араласудан қорғауды қамтамасыз етуге тиiс (7, 8-сурет).



7-сурет – Аспапты орнату орнының нұсқалары

50 мм дейін Ду құбырларда U-иін типті БШТ оның осі бойымен; на 300 мм дейін Ду құбырларда V-схемасы бойынша орнату ұсынылады, ал 300 мм артық Ду кезінде - Z-схемасы бойынша




а) V-схемасы бойынша ЭАТ орнату б) Z-схемасы бойынша ЭАТ орнату  
**8-сурет – Құбырдағы ЭАТ қалпы**

Аспаптың тип өлшемін таңдау құбырдың диаметрін емес, жылутасымалдағыштың ең төмен және ең жоғары шығысының берілген мәндері туралы ақпарат бойынша жүзеге асырылады.

Егер шығыс өлшегіштің таңдалған тип өлшемінің диаметрінің мәні БШТ орнатылу болжанатын құбыр диаметрінің мәнінен аз болса, онда құбырға орнату үшін өтпелі конустар (конфузор және диффузор) пайдаланылады.

БШТ-ні құбыр осі бойымен ЭАТ арқылы өтетін жазықтық тігінен шамамен 45° бұрышта болатындай етіп орнату ұсынылады (9-сурет).



**9-сурет – Құбырдағы ЭАТ ұсынылған қалпы тік қалпына қатысты.**

Өлшеу жүйелерінің типтік схемалары және есептеу алгоритмдері осы Әдістемелік нұсқаулардың Б қосымшасында келтірілген.

7.14 ЖЕ аспаптары мен жабдықтардың типі мыналарға байланысты:

- есепке алу аспаптарының торабы жабдықталатын ғимарат типі;
- пайдалану кезеңі;
- температура кестесі;
- жылу жүктемесінің шамалары;
- жылутасымалдағыштың шығыны;
- бақыланатын, тіркелетін параметрлер және оларды диспетчерлеу жүйесіне беру қажеттілігі;
- өлшеу дәлдігі сыныбы.

7.15 ЖЕ негізгі техникалық сипаттамалары:

- ағынды өлшеу бергіштерінің саны – 1-ден 8 данаға дейін.

- температураны өлшеу бергіштерінің саны – 1-ден 6 данаға дейін.
- қысымды өлшеу бергіштерінің саны – 1-ден 6 данаға дейін.
- метрологиялық сипаттамалар жөніндегі талаптар.

Жылутасымалдағыштың қысымын тіркейтін есепке алу аспаптары келтірілген қателік шегі  $\pm 1\%$ -дан аспайтын қысымды өлшеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Уақытты тіркейтін есепке алу аспаптары ағымдағы уақытты салыстырмалы қателікпен  $0,05\%$ -дан аспайтын мөлшерде өлшеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Есепке алу аспаптарының немесе олардың құрамдас бөліктерінің функционалдық істен шығуы туындаған кезде, сондай-ақ төменде аталған штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде, жылуесептегіш оқиғаның пайда болу уақыты мен ұзақтығын белгілеуге тиіс.

7.16 Түрлендіргіштердің негізгі техникалық сипаттамалары.

Түрлендіргіштердің шартты өту диаметрлері ( $D_y$ ) және оларға сәйкес шығыстардың максималды мәндері ( $Q_{max}$ ), өлшенетін орта ағынының бағытына қарамастан, 2-кестеде келтірілген.

**2-кесте – Түрлендіргіштердің шартты өту диаметрлері ( $D_y$ )**

$D_y$ , мм	15	20	35	40	50	65	80	100	150
$Q_{max1}$ , $M^3/сағ$	6,0	12	30	45	72	120	180	280	630
$Q_{max2}^*$ , $M^3/сағ$	3,0	6,0	15	22,5	36	60	90	140	315
<i>Ескертпе – * Тұтынушының тапсырысы бойынша (5 м/с ағын жылдамдығына сәйкес келеді)</i>									

Шығыс пен көлемді импульстік және цифрлық сигналдарға түрлендіру кезінде, сондай-ақ өлшенетін шамаларды аспап тақтасы арқылы ұсыну кезінде жол берілетін салыстырмалы қателік шектері дайындаушы зауыттың «Пайдалану жөніндегі нұсқаулығында» келтірілген.

Жүктеме кедергісі 500 Ом артық емес кезде өлшенген шығыс мәндерін тұрақты ток сигналына түрлендіру кезінде келтірілген жол берілетін дәлсіздік шектері  $\pm 0,2\%$  құрайды.

Уақытты өлшеу кезінде жол берілетін салыстырмалы дәлсіздік шегі  $\pm 0,01\%$  құрайды.

Өлшеудің нормаланатын қателігімен жылутасымалдағыштың шағын шығыстарын тіркеу үшін шығынның түрлену диапазонын анықтайтын бірінші немесе екінші сыныпты шығынөлшегіштер орнатылады.

Шығысты тұрақты ток сигналына түрлендіру кезінде жол берілетін салыстырмалы дәлсіздік шектері (1) формула бойынша анықталған мәндерге сәйкес келеді:

$$\delta = \left\{ \delta^2 + [0,2(Q_B - Q_H / Q_B)]^2 \right\}^{0,5}, \% \quad (1)$$

мұнда

$\delta$  – салыстырмалы қателік шектері аспаптың паспорттық деректері бойынша қабылданады, %

$Q_B$  - мәні 20 мА токқа сәйкес келетін шығыстың өзгеру диапазонының жоғарғы шегі,  $M^3/сағ$ ;

$Q_H$  – мәні 4 мА токқа сәйкес келетін шығынның өзгеру диапазонының төменгі шегі,  $M^3/сағ$ ;

$Q_H \leq Q_H \leq Q_B$  – өлшенген шығыс мәні,  $M^3/сағ$ .

7.17 Жылу энергиясын есепке алудың әрбір торабында аспаптардың көмегімен мыналар анықталуға тиіс:

- есепке алу торабы аспаптарының жұмыс уақыты;

- жіберілген жылу энергиясы;
- жылу көзімен жіберілген және алынған жылутасымалдағыштың тиісінше беру құбыры мен кері құбыр бойынша салмағы (көлемі);
- жылумен жабдықтау жүйесін толықтыруға жұмсалатын жылутасымалдағыштың салмағы (көлемі);
- әр сағат үшін жіберілген жылу энергиясы;
- беру құбыры бойынша жылу көзі жіберген және әр сағат сайын кері құбыр арқылы алынған жылу тасымалдағыштың салмағы (көлемі);
- әрбір сағат ішінде жылумен жабдықтау жүйелерін толықтыруға жұмсалатын жылутасымалдағыштың салмағы (көлемі);
- беру құбырындағы, кері құбырдағы және толықтыру үшін пайдаланылатын суық су құбырларындағы жылутасымалдағыштың орташа сағаттық және орташа тәуліктік температурасы;
- беру құбырындағы, кері құбырдағы жылутасымалдағыштың орташа сағаттық қысымы.

Жылутасымалдағыш параметрлерінің орташа сағаттық және орташа тәуліктік мәндері жылутасымалдағыш параметрлерін тіркейтін аспаптардың көрсеткіштері негізінде анықталады. Сағаттық, тәуліктік, айлық жылдық мұрағаттарды сақтау және деректерді сыртқы құрылғыларға шығару RS232 немесе RS485 стандартты интерфейсін пайдалана отырып, ҚР СТ 2.105 сәйкес жүргізіледі.

7.18 Ғимараттар мен құрылысжайлардағы жылуды есепке алудың коммерциялық торабы аспаптарын таңдау кезінде деректерді жинау жүйесін автоматтандыру қажет. Автоматты деректер беру жүйелері модемнің көмегімен жасалады. Модемдерді қосу, жылу есептегіштің типіне байланысты, жылу есептегіштің сандық портына да, қосымша интерфейс түрлендіргіштері немесе радиоарна арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

Бағдарламалық қамтылымда ұйымдағы лицензияларды және сатып алу туралы қажетті құжаттарды, сертификаттарды және т.б. тұрақты есепке алу қажет.

7.19 Коммерциялық есепке алу торабының жабдығы қоршаған ауаның температурасы 5°C-тан 50°C-қа дейін болғанда салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын үй-жайға орналастырылуға тиіс. Ауада жемірілуді тудыратын қышқылдар, сілтілер, аммиак қоспалары, күкірт және басқа да агрессивті газдардың болуына жол берілмейді. Үй-жайды жарықтандыру ҚР ҚЕ 3.02-107-2014\* талаптарына сәйкес келуге тиіс.

7.20 Есепке алу аспаптарын орнату орнын таңдау ғимаратқа немесе құрылысжайға кіреберістен көзделеді. Аспаптарды объектіге орнату әрбір типі үшін белгіленген құжаттар мен нұсқаулықтар бойынша орындалады.

Жылуды есепке алу аспаптарын орналастыру орнына қойылатын талаптар:

- тікелей учаскелердің болуы (мысалы, 10 Ду шығын өлшегішке дейін және 5 Ду кейін);
- кеңістіктегі бағдар шектеусіз;
- шығыс өлшегішті шығыс өлшегіштің жұмыс жиілігі аймағында (сорғылар және т. б.) өнеркәсіптік діріл көзінің жанына, әсіресе оны күрделі конструкцияларға қосымша бекітусіз орналастыру қажетсіз;
- аспап жылу пунктiнiң үй-жайына орнатылады.

7.21 Есепке алу аспаптарын орнату орнын таңдау кезінде мынадай шарттар орындалуға тиіс:

- сұйықтықтың қысымы және құбырды пайдалану режимдері газдың пайда болуын болдырмауға тиіс;
- құбырларда ауа жиналмауға тиіс;
- бастапқы түрлендіргіш құбырына сұйықтық толтырылуға тиіс;
- электроакустикалық түрлендіргіш құбырдың сұйықтық дірілі мен иірімі минималды болатын бөлігінде орналастырылған.

– жылу есептегіштердің бастапқы түрлендіргіштерінде айналма желілерді орнатуға жол берілмейді.

7.22 Есепке алу аспаптарын ұсынылатын таңдау өлшемшарттары:

– өлшеу нәтижелерінің бұрмалануына әкелуі мүмкін санкцияланбаған теңшеу мен араласудың алдын алу мақсатында есепке алу аспабының белгілі бір бөліктеріне (бағдарламалық қамтылымды қоса алғанда) қол жеткізуді қорғау;

– салыстырмалы қателігі 5% (беру құбыры мен кері құбыр арасындағы температура айырмашылығы 10°C-тан 20°C-қа дейін) және 4% (беру құбыры мен кері құбыр арасындағы температура айырмашылығы 20°C-тан жоғары) жылу энергиясын өлшеу дәлдігі;

– өлшенетін шығындардың кең динамикалық диапазоны;

– қызмет мерзімі, 12 жылдан кем емес;

– аспаптарды мерзімді тексеруді жүргізу мүмкіндігі;

– шығын түрлендіргішіне дейін және одан кейін түзу сызықты учаскелердің минималды ұзындығы;

– есепке алу аспаптарының үйлесімділігін және оларға қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету үшін жылу тораптарында бір өндірушінің жиынтық жылу есептегіштерін пайдалану ұсынылады.

– минималды гидравликалық кедергі;

– білікті сервистік қызмет көрсетудің, жөндеу базасының қолжетімділігі;

– құны.

## **8 ЖЫЛУДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТОРАБЫН МОНТАЖДАУ**

8.1 Жылу энергиясын есепке алу торабының жабдығын монтаждауды технологиялық жабдықты монтаждауға, байланысқа, аварияға қарсы қорғауға, бақылау және сигнал беру жүйесіне, көлікте, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілерінде, тіршілікті қамтамасыз етудің өзге де объектілерінде бұғаттауға, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу және бақылау аспаптарына байланысты іске қосу-баптау жұмыстарына лицензиясы бар ұйымдар орындайды.

8.2 Шығынөлшегішті монтаждау (бөлшектеу) бойынша жұмыстарды жүргізуге мынадай:

– шығынөлшегішті орнату объектілерінде жұмыстар жүргізу құқығына лицензиясы бар, сондай-ақ дайындаушы кәсіпорынның рұқсаты мамандандырылған ұйымдардың;

– кернеуі 1000 В дейінгі электр қондырғыларында жұмыстар жүргізуге құқығы бар;

– жұмыстарды жүргізу кезінде орнату жоспарланған шығынөлшегіш пен қосалқы жабдықтың құжаттамасымен танысқан персоналдар жіберіледі.

8.3 Шығынөлшегішпен жұмыс жүргізу кезінде қауіпті факторлар мыналар болуы мүмкін:

– қолданыстағы мәні 50 Гц жиіліктегі 242 В дейінгі айнымалы кернеу (шығынөлшегішті қуат көзі арқылы кернеуі 220 В 50 Гц қуат беру желісіне қосқан кезде);

– құбырдағы қысым;

– сұйықтықтың жоғары температурасы;

– кәсіпорынның ерекшелігі мен профиліне және шығынөлшегішті орнату объектісіне байланысты басқа факторлар.

Жұмыстарды жүргізу кезінде нақты объектіде жұмыстарды орындау қауіпсіздігі бойынша талаптардың қағидалары мен нормаларын басшылыққа алу керек.

8.4 Құбырларда және шығынөлшегішпен жұмыс істеу кезінде мыналарға тыйым салынады:

– жұмыстар жүргізілетін құбыр учаскесінде қысым толық жойылғанға дейін ЭАТ немесе БШТ ойып енгізілетін түрлендіргіштерін монтаждау (бөлшектеу);

- шығынөлшегіш қуат көзіне қосылған кезде, электр радиоэлементтерін ауыстыруды жүргізу;

- ақаулы электр радиоаспаптары мен электр құралдарын не олардың корпустарын қорғаныстық жерге қосу шинасына қоспай пайдалану.

8.5 Құбырда жұмыс жасамас бұрын өлшеу аспабының көмегімен құбырда өмірге қауіпті айнаымалы немесе тұрақты ток кернеуі жоқ екеніне көз жеткізу керек.

9.3 Ағын бойынша бастапқы БШТ дейін және соңғы БШТ кейін шығынөлшегіш аспабының қалыпты жұмыс істеуі үшін тиісті ұзындықтағы құбырдың тік сызықты учаскелері қамтамасыз етілуге тиіс.

Тұтынушының тапсырысы бойынша талаптарға сәйкес түзу сызықты учаскелердің ұзындығын қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған кезде, дайындаушы фирманың немесе оның өңірлік өкілдігінің мамандары есепке алу торабына тексеру жүргізеді.

8.7 Әрбір аспап үшін монтаждау аспапты жеткізу кезінде қоса жүретін монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес орындалады.

Монтаждау торапты пайдалануға қабылдау туралы актіге, коммерциялық есепке алуға әсер ететін түзеткіш параметрлерінің (түзеткіш базасы) мәндері келісілген актінің қосымшасына, өлшеу құбырының ішкі диаметрін өлшеу актісіне қол қойылғаннан кейін орындалды деп есептеледі.

8.8 Жылу есептегіштерін монтаждау кезінде ҚР СТ ГОСТ Р EN 1434-6-2010 басшылыққа алу керек. Есепке алу аспаптарын іріктеу кезінде шығыс сипаттамаларын, мақсатын, орнату орындарын, конструктивтік орындалуын және өлшеу аспабының техникалық паспорттарында көрсетілген басқа да техникалық параметрлерді ескере отырып, жобалау құжаттамасы зерделенеді.

8.9 Паспорт бойынша пәтерлік жылыту жүйелері үшін ЖЕ-дегі жылу тасымалдағыштың ең аз шығыны ҚР ҚЕ 4.02-101-2012 сәйкес ғимараттың ауданы жағынан ең аз пәтерінің есептік жылу тасымалдағышының 10-12%-нан артық болмауға тиіс.

8.10 ЖЕ немесе ЫСЖ санауышын орнатпас бұрын жылы немесе ыстық сумен жабдықтау жүйесін жуу қажет. Санауыштың алдында механикалық немесе магнитті-механикалық сүзгі мен бекіту шүмегі орнатылуға тиіс.

Санауыштар алдында (ағынның қозғалысы барысында) механикалық немесе магнитті-механикалық сүзгілерді орнату көзделуге тиіс.

8.11 ЫСЖ санауыштарын орнату тораптарын құбырлық байламдауды құрастыру кезінде санауыштың әрбір жағынан санауыш орнатылған жерде судың ажыратылуын қамтамасыз ететін бекіту арматурасын (шар шүмектер, резеңкемен көмкерілген сыналы ысырмалар) орнату көзделуге тиіс.

Тұрғын ғимараттардағы пәтерлер үшін және жеке тұрғын ғимараттар үшін бекіту арматурасы тек санауыштарға дейін орнатылады (ағынның қозғалысы бойынша).

8.12 Жылуды есепке алу аспаптарын орнатар алдында оның жиынтығын паспортқа және жылумен жабдықтаушы ұйыммен келісілген жылу энергиясын есепке алу аспабын монтаждау жобасына сәйкес тексеру қажет. ЖЕ шаң немесе агрессивті газдар болуы мүмкін жерлерге орнатуға, электр-магниттік және жылу сәулеленуінің қуатты көздеріне жақын жерге орналастыруға немесе селкілдеуге, дірілдеуге немесе судың әсеріне бейім жерлерге орнатуға болмайды.

